EURASIAN
TECHNOLOGICAL
UNIVERSITY

Еуразиялық технологиялық университеті
Ғылыми кеңес отырысы
№ 2 хаттама

Алматы қ. **25 қыркүйек 2025 ж.**

Ғылыми кеңестің төрағасы **Темербаева А.М.**
Ғалым хатшы **Жүнісқалиев Т.Т.**

Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2025–2026 оқу жылына студенттерді қабылдау қорытындылары.
2. Құрылымдық бөлімшелердің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын бекіту.
3. Білім алушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын қамтамасыз ету.
4. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-сұрақ бойынша

Академиялық қызмет жөніндегі проректор және Қабылдау комиссиясы өкілі 2025–2026 оқу жылына студенттерді қабылдау қорытындылары туралы есеп берді.

Баяндамада бакалавриат және магистратура деңгейлері бойынша қабылдау көрсеткіштері, мемлекеттік білім беру гранттары мен ақылы негіздегі қабылдау үлесі, талапкерлердің географиялық құрамы және білім беру бағдарламалары бөлінісіндегі динамика талданды.

Сонымен қатар, қабылдау науқанының ұйымдастырылу барысы, цифрлық тіркеу жүйесінің жұмысы және ақпараттық-насихат жұмыстарының нәтижелері баяндалды. Кеңес мүшелері қабылдау сапасын арттыру және білім беру бағдарламаларының тартымдылығын күшейту мәселелері бойынша пікір алмасты..

2-сұрақ бойынша

Проректорлар және мектеп декандары құрылымдық бөлімшелердің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын таныстырды.

Жоспарларда білім беру сапасын қамтамасыз ету, ғылыми-зерттеу қызметін дамыту, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, академиялық ұтқырлық, тәрбие жұмысы және цифрландыру бағыттары қамтылғаны атап өтілді.

Жұмыс жоспарлары университеттің стратегиялық даму құжаттарына сәйкес әзірленгені және негізгі көрсеткіштер жүйесімен үйлестірілгені баяндалды.

3-сұрақ бойынша

Студенттермен жұмыс жүргізу департаментінің өкілі білім алушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын қамтамасыз ету бойынша ақпарат ұсынды.

Баяндамада студенттердің жатақханамен қамтамасыз етілуі, әлеуметтік қолдау шаралары, жеңілдіктер мен гранттар, медициналық қызмет көрсету, психологиялық қолдау және студенттік инфрақұрылымды дамыту мәселелері қарастырылды.

Кеңес мүшелері студенттердің әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту бағытындағы қосымша ұсыныстарды талқылады.

4-сұрақ бойынша

Әртүрлі мәселелер аясында оқу үдерісін ұйымдастыру, академиялық адалдықты сақтау және алдағы іс-шараларды өткізу мәселелері қаралды.

ҰСЫНЫЛДЫ:

1. 2025–2026 оқу жылына студенттерді қабылдау қорытындылары туралы есепті назарға алу және қабылдау көрсеткіштерін арттыру мақсатында кәсіптік бағдар беру жұмыстарын күшейту, білім беру бағдарламаларының тартымдылығын арттыру және қабылдау нәтижелеріне тұрақты талдау жүргізу ұсынылды.

2. Құрылымдық бөлімшелердің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын бекіту, олардың университеттің стратегиялық құжаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету және орындалуын тиісті проректорларға жүктеу ұсынылды.

3. Білім алушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту мақсатында жүйелі мониторинг жүргізу, әлеуметтік қолдау шараларын жетілдіру және студенттік инфрақұрылымды дамыту ұсынылды.

4. Қаралған мәселелер бойынша тиісті құрылымдық бөлімшелерге нақты

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2025–2026 оқу жылына студенттерді қабылдау қорытындылары туралы есеп назарға алынсын. Академиялық қызмет жөніндегі проректорға қабылдау тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізу тапсырылсын.

2. Құрылымдық бөлімшелердің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарлары бекітілсін. Олардың орындалуына бақылау тиісті проректорларға жүктелсін.

3. Білім алушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын қамтамасыз ету бойынша ұсынылған ақпарат назарға алынсын. Студенттермен жұмыс жүргізу

департаментіне мониторинг жүргізу және қажетті шараларды іске асыру тапсырылсын.

4. Әртүрлі мәселелер бойынша қабылданған шешімдер тиісті құрылымдық бөлімшелерге орындауға жіберілсін.

Ғылыми кеңестің төрағасы **Темербаева А.М.**

Ғалым хатшы **Жүнісқалиев Т.Т.**